

Өзгеше ойлы қаламгер

2007 жылдардан бастау алған «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында таңдалған балалар әдебиетінің классигі, балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Өзгеше ойлы қаламгер» атты оқырман конференциясы өткізілді.

Тәңіртаудан түлеп ұшқан ірі тұлға, балалар әдебиетінің классигі, талантты жазушы – Бердібек Соқпақбаев бала жанын терең зерттеген жазушы, психолог. Тамаша шығармалары арқылы балалардың көңілінен шығып, оқырмандардың құрметіне бөленген қаламгер. Жазушының қай шығармасын алсаң да әрі қарай қызықтырып жетелей жөнеледі. Балаларға арнап жазған туындылары биік көркемдік деңгейімен, шынайылығымен ерекшеленеді.

Талантты жазушының балаларға арнап жазған туындыларын балалармен бірге үлкендер де сүйіп оқиды. Жазушының кітаптары әлемнің 20 шақты елінің тіліне аударылса, «Менің атым Қожа» повесі бойынша



Толғанай Қадіржан қатысып, жазушының «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді», «Жекпе-жек», «Қайдасың, Гауһар?», «Он алты жасар чемпион» балалар психологиясын юмормен тартымды суреттеген «Менің атым Қожа» атты шығармаларына шолулар жасады. Шығармаларында негізінен екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ар-ождан мәселесін ту етіп көтерген, одан кейінгі ауыл өмірінің тыныс-тіршілігі және жастардың шынайы махаббаты бейнеленген.

Нақтылы жазу ұтымды

«Тым Қожа» повесть бойынша түсірілген фильмін 28 елдің балалары тамашалады. Бас кейіпкер Қожа – өзінің прототипі болды. Шығарманың ең алғашқы атауы «Өзім жайлы повесть» деген атпен жарық көрді. Фильмнің шыққанына жарты ғасырдан асса да, көрерменін әлі жалықтырған жоқ. Мұның өзі Бердібек Соқпақбаевтың дара талант иесі екенінің анық дәлелі. Шығарма арқылы туған еліміздің көркем табиғатын, халқының боямасыз болмысын дүние жүзіне танытқан шынайы жазушы болып оқырманның жадында қала берді.

Қаламгердің шығармаларының шынайы өмірден алынып жазылған туындыларын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған оқырман конференциясына Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының 3 - курс студенті Жүсіп Әулетбек ат салысып, жазушыға баяндама мен арнау өлеңін оқыды. Арқалық политехникалық колледж студенттері мен Кейкі батыр атындағы № 10 «Г» сынып оқушылары Кәмила Махаева, Әділжан Қосылбай, Бекзат Кәрімжан, Айша Мұрат, Даяна Бейсен, Дінмұхамбет Құлымбет,

Нақтылы жазу, ұтымды жазу Бердібектің үлгісі деп тартынбай-ақ айтуға әбден болады. Шындықтың алдында бас имейтін не нәрсе бар? Осындай шырай Бердібек қаламынан шыққан шығармалардың баршасына тән. Жазушының шығармалары оқырман жүрегіне қона кететін, ұзақ жасайтын қасиет – қадірі де осында!

Бердібек Соқпақбаев шығармаларын оқыған әрбір оқырман өз бойына қарапайымдылықты, шыдамдылықты, қанағатшылдықты, еңбекқорлықты сіңіреді анық.

Жазып та көрдім мен де өлең

Жазып та көрдім қара сөз
Ерте ме, кеш пе мен де өлем,

Өлмейді тек дана сөз – деп, өзі айтқандай, артына мол мұра қалдырған балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларының оқырманы көбейе берсін! Баршаңызды рухани азығымыз – көркем әдебиетті көп оқуға шақырамыз!

Жұлдыз ӘБЖАНОВА,
Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімінің меңгерушісі

